



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2020 жылғы 10 тамызы

№ 554

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

**Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №473  
«2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы №473 «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6565 тіркелген 2019 жылғы 20 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жана редакцияда мазмұндалсын:

«1. 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде, 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 235 285 417,9 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 36 213 275 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 2 567 268 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансфертер түсімі – 196 504 874,9 мың теңге;

2) шығындар – 241 711 179 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 36 895 375,8 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 48 203 345 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 11 307 969,2 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 43 321 136,9 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 43 321 136,9 мың теңге;

қарыздар түсімі – 47 943 023 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 6 637 992,1 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 2 016 106 мың теңге.»;

11-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

«11. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2020 жылға арналған резерві 2 227 862 мың теңге сомасында бекітілсін.».

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Облыстық мәслихаттың  
хатшысы**

**Т. Талаева**

**С. Калдыгулова**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
облысының/қаласының Әділет департаменті  
Нормативтік құқықтық акті 18.08.2020  
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік  
тіркеудің тізіліміне № 7329 болып енгізілді

Результаты согласования

Актюбинский областной маслихат - Председатель сессии областного маслихата Таттыгуль Жаксыбаевна Талаева, 13.08.2020 16:07:44, положительный результат проверки ЭЦП

Актюбинский областной маслихат - Секретарь областного маслихата Сания Мусаевна Калдыгулова, 13.08.2020 16:08:31, положительный результат проверки ЭЦП

Актюбинский областной маслихат - Председатель сессии областного маслихата Таттыгуль Жаксыбаевна Талаева, 13.08.2020 16:09:18, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента юстиции Актюбинской области Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 17.08.2020 13:05:18, положительный результат проверки ЭЦП